



# ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЕУРАЗИЯ ҚОРЫ

Жылдық есеп  
2016-2018



## Қор басшылығы

**Ринад Темірбеков**

ОАЕК Қазақстан директоры

## Қамқоршылар кеңесі



**НАЗИР ШАРИФИ**

Төраға



**УИЛЬЯМ ХОРТОН  
БИБИ-СЕНТЕР**



**ДӘУЛЕТ АХМЕТОВ**



**ИВАН АПАНАСЕВИЧ**



**ҚАСЫМ АБЖАНОВ**



**НЕЛЛИ СИМОНОВА**



**АДАЛЯТ  
АБДУМАНАПОВА**

# ОАЕҚ ДОНОРЛАРЫ & СЕРІКТЕСТЕРІ 2016-2018 ЖЖ.

## Институционалдық донорлар:

ЮСАИД, Қазақстандағы Еуропалық Одақ делегациясы, ЮНИСЕФ, Нидерланды Королдігінің Қазақстандағы Елшілігі, Қазақстандағы Британ Елшілігі және Сорос-Қазақстан Қоры



## Корпоративтік сектор:

Шеврон, Теңізшевройл, Кока-Кола Компаниясы, ЕРСАЙ, Альстом, НКОК



Tengizchevroil



## Университеттер:

Алматы Менеджмент Университеті, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Халықаралық ІТ университеті



Al-Farabi Kazakh National University



## Ұлттық және жергілікті әкімшілік:

Білім және ғылым министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Ақпарат және әлеуметтік даму министрлігі мен жергілікті департаменттері, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы және Қазақстан бойынша жергілікті әкімдіктер

## Технологиялық компаниялар:

Астана Хаб және Зерде холдингі



astana hub



## Әлеуметтік кәсіпкерлік



- «Жарқыра» әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы
- Импакт Хаб Алматы
- Құрық ауылында кәсіпкерлік әлеуетті дамыту
- «3.2.1. Старт!» - Қазақстандағы жастардың әлеуметтік жобалары

## Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік



- Маңғыстау облысында корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (КӘЖ) қағидаларын дамыту және балалардың құқығын қорғау
- НКОК-тың әлеуметтік жобаларын бақылау және бағалау

## Халықтың осал топтарын қолдау



- Адам құқығы жөніндегі реформаларды насихаттау үшін Оңтүстік Қазақстанның қоғамдық ұйымдарының мүмкіндіктерін күшейту
- Қазақстандағы осал топтарға арналған құқықтық көмек жүйесін жетілдіру

## Азаматтарды белсенділікке тарту және тиімді басқару



- Тиімді басқаруды қолдау бастамасы
- Құқық қорғау ұйымдарының тұрақтылығын дамыту бастамасы
- «Қоғамдық кеңістіктер»

## Жастар және білім беру




- «Бірге өсеміз!» - Құрықтағы мектепке дейінгі білім беруді дамыту бастамасы
- «Бірге жұмылып, білімге талпынайық!» - мектептегі білім беруді дамыту бастамасы
- Өскемен қаласында балабақша құрылысы




# ЖОБАЛАР & ДОНОРЛАР

2016




- Азаматтық қоғамның дамуы және адам құқығы
- Тиімді басқару және азаматтарды белсенділікке тарту
- Білім беру және жастар
- Кәсіпкерлік және Әлеуметтік кәсіпкерлік
- Осал топтарды қолдау

2017



- Азаматтық қоғамның дамуы және адам құқығы
- Тиімді басқару және азаматтарды белсенділікке тарту
- Білім беру және жастар
- Кәсіпкерлік және Әлеуметтік кәсіпкерлік
- Осал топтарды қолдау

2018



- Азаматтық қоғамның дамуы және адам құқығы
- Тиімді басқару және азаматтарды белсенділікке тарту
- Білім беру және жастар
- Кәсіпкерлік және Әлеуметтік кәсіпкерлік
- Осал топтарды қолдау

## Әлеуметтік кәсіпкерлік

### «Жарқыра» әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы

2016 жылдың қаңтары - қазіргі уақытқа дейін

Атырау және Маңғыстау облыстары

Демеуші: Теңізшевройл

Бұл бағдарлама Қазақстанда алғаш рет әлеуметтік кәсіпкерлерді қолдаудың толық циклын ұсынады. Кәсіпкерлерге жеделдетілген оқыту, тәлімгерлік, оқу турлары және пайызсыз несиелер секілді қолдау көрсетіледі. 2018 жылы жоба тобы Атыраудағы тәжірибесін Маңғыстау облысында жүзеге асыра бастады. 2019 жылы несие алған кәсіпкерлер 12 миллион теңге қайтарады деп күтілуде. Келесі жылы бұл сома жобаға қайтадан құйылады.

Әлеуметтік кәсіпкерлікті насихаттау кампаниясы аймақта шамамен **40 мың адамды** қамтыды. Қатаң бәсекелестік пен 4 жыл бойғы қарқынды оқыту бағдарламасынан кейін **28 әлеуметтік кәсіпорын** өздерінің бизнес идеяларын жүзеге асыру үшін **80 миллион теңге көлемінде қаржылай көмек алды**. 2016-2019 жылдары іске қосылған әлеуметтік кәсіпорындар бүгінде **Атырау облысының 17 мыңнан астам тұрғынын қамтиды**. «Жарқыра» қолдау көрсеткен әлеуметтік кәсіпорындарда **250 адам** жұмыс істейді. Сонымен бірге, «Жарқыра» бағдарламасының сәтті жобалары кеңеюге дайын. Екі кәсіпкер басқа аймақта Атырау облысында филиалдар ашуға дайын екендіктерін мәлімдеді.





## Әлеуметтік кәсіпкерлік

### Импакт Хаб Алматы

2016 жылдың қаңтары - 2018 жылдың қаңтары

Қазақстан

Демеуші: Шеврон

---

«Impact Hub» ғаламдық бастамалар желісімен бірлесе отырып, ОАЕҚ Алматыдағы Impact Hub – кәсіпкерлік саласындағы ынтымақтастық пен инновациялар алаңын құруды қолдады.

Орталық Азиядағы желінің алғашқы мүшесінің бірі - Impact Hub Almaty - Халықаралық Impact Hub желісіне 2016 жылы алдын ала кандидат ретінде қосылды. Осы уақыт ішінде ОАЕҚ Impact Hub Almaty-ға мынадай көмек көрсетті: әлеуметтік және шығармашылық кәсіпкерлерге арналған кеңсе ашу, стартаптарды бағалау әдістемесін әзірлеу, тәлімгерлік бағдарламасын жүзеге асыру және орталықтың іс-шараларын ұйымдастыру. Орталық қазіргі кезде желілер және үкімет, бизнес пен халықаралық ұйымдар сынды басқа да мүдделі тараптармен байланыс орнату арқылы кәсіпкерлік ортамен өзара әрекетті дамытуда.

2017 жылдың ортасында Impact Hub Almaty үміткер статусын алып, тәуелсіз ұйым ретінде әрекет ете бастады. 2019 жылдың наурыз айында Impact Hub Ассоциациясының тұрақты мүшесі болды. Қазіргі уақытта Impact Hub Almaty жас көшбасшылар мен әлеуметтік кәсіпкерлер үшін экологиялық, әлеуметтік және басқа да өзекті мәселелерді шешуге көмектесетін сәтті жобаларды құру үшін кеңесші және қауымдастық ретінде дербес жұмыс істейді. Хаб 500 іс-шара аясында 10 мыңнан астам адаммен байланыс орнатты, 10 халықаралық семинар ұйымдастырды және 40 серіктес пен 200 мүшенің басын қосты.





## Әлеуметтік кәсіпкерлік

### Құрық ауылында кәсіпкерлік әлеуетті дамыту

2017 жылдың шілдесінен бастап қазіргі уақытқа дейін


Маңғыстау облысы, Құрық ауылы

Демеуші: ERSAI Caspian Contractor Company LLC

Бұл бағдарлама Құрықтағы кәсіпкерлер мен тұрғындарға бизнес идеяны дамытып, жаңа жұмыс орындарын ашуға көмектеседі. Көмек қаржылай және оқыту шаралары арқылы жүзеге асады.

ОАЕҚ жергілікті кәсіпкерлерге консультациялар, іскерлік тағылымдамалар және 8,6 миллион теңгеге дейінгі бизнесті кеңейту гранттары арқылы қолдау көрсетті. Бұл мүмкіндіктер 17 кәсіпкерге өз бизнесіне қатысты идеялар мен практикалық шешімдер әзірлеуге және Қазақстанның басқа аймақтарындағы әріптестерімен тәжірибе алмасуға көмектесті. Жоба шеңберіндегі іс-шаралар сонымен қатар кәсіпкерлер арасында мықты желі құруға көмектесті. Бұндай желі бизнес иелері бір-біріне тәлімгерлік етуге, Кәсіпкерлер саммиті сияқты іс-шараларды ұйымдастыруға, жұмыс орындарын құруға және өсуге мүмкіндік береді.

Жастар мен басқа да тұрғындарды кәсіпкерлікке баулу үшін жоба тобы қаржылық сауаттылық бойынша тренингтер өткізді. Бизнесті жоспарлау дағдылары бойынша ашық онлайн-курс жариялады. Осылайша “Стартап ойлау мектебі”, “Лагерлерде кеңес беру мектебі” және жастарға арналған жазғы “Бизнес лагері” сияқты бірнеше оқыту бастамаларын бастады. Осы бастамалардың арқасында 150-ден астам жастар мен басқа да тұрғындар кәсіпкерлік ойлау қабілетін танытты. Оған қоса, Құрық ауылының тұрғындары арасындағы байқау 31 бизнес-жоспар құруға көмектесті. Оның ішінде ОАЕҚ грантымен үш жаңа кәсіпорын іске қосылды: балық дүкені, ағаш ойыншықтары цехі және гипс бұйымдары орталығы.





### “3.2.1. Старт!” – Қазақстандағы жастардың әлеуметтік жобаларын қолдау

2017 жылдың мамырынан бастап қазіргі уақытқа дейін

Қазақстан

**Демеуші:** Кока-Кола Интернешнл Алматы

Бұл жоба аясында ОАЕҚ бүкіл Қазақстан бойынша әлеуметтік және экологиялық мәселелердің шешіміне бағытталған жастар бастамаларына қолдау көрсетті.

Жоба командасы Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларының жетекші университеттеріндегі кездесулерге және 321start.kz жобасы үшін құрылған арнайы онлайн-платформа арқылы өзара әрекеттесу үшін 800-ден астам студентті қатыстырды. Қазақстандық ЖОО-мен өткізілген кездесулерден соң 5 инновациялық бизнес-шешім жасап шығарылды.

Семинарлар, электронды курстар мен бизнес-инкубатор бағдарламалары арқылы жедел оқыту бағдарламасы 18 бен 29 жас аралығындағы жас шығармашыл кәсіпкерлерге өз бизнес-идеялары мен әлеуметтік жобаларын жүзеге асыруды, өз идеяларын дамыту мен жобаларды басқару негіздерін меңгерді.

Студенттер мен жас мамандар орнықты бизнес-шешімдер және бизнес пен 15 қазақстандық компанияның көшбасшыларымен әрекеттесу үшін “3.2.1. Старт” ұйымдастырған эко-бизнес байқауына қатысты. Қатысушылар бастаған 3 стартап: түгін жолдарын тарту кәсіпорны, ауылдық жердегі фитнес-зал, әлеуметтік тігінші шеберханасы 3 млн. теңге көлеміндегі ұтысқа ие болды.

**Жобаға қатысушы студенттер ұсынған 5 инновациялық бизнес-идеялар:**

- Arduino арқылы өсімдіктерді күтіп-баптауға арналған жазықтықтағы автоматты құрал жасау.
- Органикалық қалдықтарды қолдану арқылы биогаз бен биотыңайтқыштар шығаратын биогаздық реакторларды жинау және сату.
- «Экологиялық таза жылжымалы конструкциялар», үй жағдайында органикалық азық-түлік өсіруге арналған экотехнологиялар.
- Минералды тыңайтқыштары бар биодырайтын қаптама өндірісі.
- Құрттарды пайдалану арқылы қордаланған вермикомпостты тыңайтқыштарды өндіру және сату.





## Корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік

### Маңғыстау облысында корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік (КӘЖ) қағидаларын дамыту және балалардың құқығын қорғау жобасы

2017 жылдың қарашасынан 2018 жылдың маусымына дейін

Маңғыстау облысы

Демеуші: ЮНИСЕФ

Жобаның мақсаты Маңғыстау облысында балалардың құқығын қорғау, КӘЖ және мемлекеттік-жекеменшік әріптестіктің қағидаларын қорғау болатын.


Жоба командасы Маңғыстау облысында балалар құқықтарын қорғау бойынша КӘЖ қызметінің негізгі мүдделі тараптарының арасындағы ынтымақтастықтың негізін қалады. Бұл Орталық Азияның Еуразия Қорына ірі компаниялар, жергілікті әкімшілік пен қауымдастықтар арасында КӘЖ мәселелері, соның ішінде Маңғыстау облысында балалар құқықтарын қорғау бойынша диалогты дамыту шараларын айқындауға мүмкіндік берді. КӘЖ жөніндегі 50 маман, мектеп оқушылары мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері балалар құқықтары мен ЮНИСЕФ-тің балаларға арналған іскерлік ортаны қалыптастыру бойынша қызмет қағидаларымен танысты, Маңғыстау облысындағы КӘЖ тәжірибесімен, сонымен қатар корпорацияның әлеуметтік жауапкершілігін қалыптастырудағы балалардың рөлі туралы ақпарат алды.

Украиндық және қазақстандық сарапшылардың көмегімен ОАЕҚ командасы Маңғыстау облысында балалар құқықтарын насихаттау мен қорғаудағы бизнестің рөлі жөнінде, сондай-ақ Маңғыстау облысында жүзеге асырылатын балалар мен жастарға арналған мемлекеттік-жекеменшік әріптестік (МЖӘ) жобаларына басымдылық бере отырып, халықаралық ұйымдардың мемлекеттік-жекеменшік әріптестік механизмдеріндегі рөлі жөнінде баяндама дайындады.



Жобаның мақсаты НКОК-тың 2013-2015 жылдардағы демеушілігі мен қайырымдылық жобаларға көрсеткен қолдауына мониторинг және бағалау жүргізу болатын. Осы мақсатта ОАЕҚ 2013-2015 жылдары Маңғыстау және Атырау облыстарында НКОК қолдау көрсеткен демеушілік және қайырымдылық жобаларына мониторинг жүргізу үшін сұхбаттар сериясын өткізді. Команда Маңғыстау облысы (Форт-Шевченко, Таушық, Баутино, Дәулет, Қызылтөбе, Сайын Шапағатов және Ақшұқыр) мен Атырау облысында (Мақат, Доссор, Геолог, Ганюшкино, Махамбет, Жанбай) НКОК қолдау көрсеткен 155 ұйыммен сауалнама жүргізді. НКОК ұйымдарға құрал-жабдықтарды сатып алу, оқыту, қаржылай қолдау мен азық-түлікке талон беру арқылы қолдау көрсеткен. Жоба тобы мониторингтің нәтижелеріне негізделіп, компанияның әлеуметтік жобаларының портфелін әрі қарай жетілдіру бойынша ұсыныстар берді. Оның ішінде демеушілік қызметті қадағалау және сәтті үлгілерді көпшілік қауымға тарату ұсынысы бар.

#### НСОС Қайырымдылық қолдауы




- Құрал-жабдықтар
- Тренинг
- Қаржылай қолдау
- Тамақ алу талондары

#### Оқыту қамтыды

- Семинарлар
- Орта мектептің емтихандарына дайындық
- Курстар

#### Құрал-жабдықтар қамтыды

- Компьютерлер
- Интерактивті тақталар
- Демалыс және ойын-сауық жабдықтары
- Спорттық жабдықтар





## Халықтың осал топтарын қолдау

### Қазақстандағы осал топтарға арналған құқықтық көмек жүйесін жетілдіру

2017 жылдың қаңтары - 2018 жылдың желтоқсан айы

Жамбыл, Павлодар, Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Қарағанды облыстары

Демеуші: Еуропалық Одақ

Жоба құқықтық жүйені жетілдіруге бағытталған. «Талдықорған» Құқық қорғау орталығының құқықтық тобымен бірлесіп, ОАЕҚ Қазақстанның жеті аймағында алғашқы кешенді зерттеу мен адвокациялық қызмет атқарды. Азаматтық қоғамның аймақтық ұйымдары осал жастар мен әйелдерді, сотталғандар мен кәмелетке толмаған құқық бұзушыларға мемлекет тарапынан тегін құқықтық көмекке қолжетімділіктің кедергілері туралы сауалнама жүргізді. Заңгерлер мемлекеттен көрсетілетін құқықтық көмекке қатысты 100-ден астам ұлттық және халықаралық заңдарға сараптама жасады, құқықтық көмек көрсету үлгісін салыстыру және Грузиядағы құқықтық көмек жүйесін реформалау бойынша Еуропалық Одақ қаржыландыратын жобалардың тәжірибесімен танысу мақсатында Грузияға арнайы сапар ұйымдастырылды. Грузиндік тәжірибеге сүйеніп, аймақтық және ұлттық билік органдарына халықаралық және қазақстандық заңнаманың арасындағы сабақтастықты арттыру бойынша ұсыныстар жасалды.

7 мақсатта аймақтағы дөңгелек үстелдер мен 2018 жылы Нұр-Сұлтанда Сорос-Қазақстан қорымен бірлесіп өткізілген Ұлттық конференция 50 адам құқықтарын қорғау ұйымдары, мемлекеттік органдар мен құқықтық сектордың өкілдерін 200-ге жуық қатысушылардың басын қосты.

#### Негізгі ұсыныстар:

- Тегін құқықтық көмекке үміткер бола алатын осал топтардың тізімін кеңейту, құқықтық көмекке қолжетімділіктің әділетті шарттарын қалыптастыру;
- Тегін құқықтық көмектің тек мемлекеттік бюджеттен емес, жергілікті бюджеттер, жеке жәрдемдер мен басқа да қаржы көздерінен қаржыландырылуын зерттеу;
- Құқықтық көмекке қолжетімділікті кеңейту және мемлекет тарапынан көрсетілетін құқықтық көмек жүйесінің ашықтығы үшін жаңа технологияларды енгізу.





## Адам құқығы жөніндегі реформаларды насихаттау үшін Оңтүстік Қазақстанның қоғамдық ұйымдарының мүмкіндіктерін күшейту

2015 жылдың наурызы - 2017 жылдың сәуір айы

Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстары

Демеуші: Еуропалық Одақ, Біріккен Королдік Елшілігі

### Халықтың осал топтарын қолдау

Жоба шеңберінде адам құқықтарын кеңірек насихаттау мен тұрғындардың осал топтарын, соның қатарында мүгедектер, әйелдер мен балалар, сондай-ақ өтпелі кезеңдегі жастарды қамтитын Оңтүстік Қазақстанның 18 қоғамдық ұйымын біріктірген желі құрылып, қатары кеңейтілді. Бұл жергілікті желі үкіметтік емес ұйымдарға осы осал топтармен жұмыс істейтін өзге де азаматтық қоғам ұйымдарымен (АҚҰ) білім алмасуға және консультация алуға, сонымен қатар олардың құқықтарын қорғау жөніндегі маманның тәлімгерлігінен өтуге мүмкіндік берді. Аймақтық азаматтық қоғам ұйымдары бұрын-соңды болмаған қарым-қатынаста бірлескен жұмыс жүргізіп, өз аймақтарындағы ұжымдық қатерлерге қарсы тұруда бір-біріне көмектесті.

Жоба арқасында АҚҰ желісі 2645 осал тобына адвокациялық көмек және 250-ден астам әлжуаз тұрғындардың сот істеріне заңдық көмек көрсетті. Сонымен бірге, арнайы тренингтер мен семинарлардың көмегімен осал топтар мен мемлекеттік қызметкерлер қатарынан 1612 адам құқықтық сауаттылығын арттырды. Жобаның нәтижесінде 6 қоғамдық ұйым басшысы түрлі аймақтық және ұлттық деңгейіндегі қоғамдық кеңестердің қатарына қабылданды.



British Embassy



EUROPEAN UNION



[www.ef-ca.kz](http://www.ef-ca.kz)



## Азаматтарды белсенділікке тарту және тиімді басқару

### Қоғамдық кеңістіктер

2018 жылдың қыркүйегінен қазіргі уақытқа дейін

Маңғыстау облысы (Баутино, Форт-Шевченко және Боранқұл)

Демеуші: Теңізшевройл

Жобаның мақсаты қоғамдық кеңістіктерді жақсарту арқылы Баутино, Форт-Шевченко және Боранқұл елдімекендері тұрғындарының белсенділігін арттыру болып табылады.

Жоба тобы жергілікті билік өкілдерімен және белсенді тұрғындармен фокустық талқылаулар арқылы қоғамдық кеңістіктер инфрақұрылымының негізгі мәселелерін анықтады. ОАЕҚ «Қауымдастықтарды мобилизациялау» және «Жобаларды жазу және басқару» семинарларында 150 қатысушының басын қосып, жергілікті қауымдастықтардың белсенділігінің артықшылығын көрсетті және әлеуметтік саладағы жобаларды жазу мен басқару дағдыларына үйретті.

Жергілікті әкімдіктермен тығыз ынтымақтастықта бола отырып, жоба командасы байқау жариялап, 10 қоғамдық инфрақұрылым жобасы қаржыландыруға ие болды. Жобаларды іске асыруға 300 жергілікті тұрғын атсалысты. Жалпы сомасы 21,5 млн.теңгені құрайтын ОАЕҚ-ның ашық қоғамдық кеңістіктермен қатар аналар мен мүгедектігі бар балаларға қызмет көрсетуге бағытталған шағын жобалары үкіметтің бағалауына қарағанда 4 есе тиімді екенін көрсеткен.

### Қоғамдық инфрақұрылым жобалары

#### Баутино

- Ана мен бала бөлмесі
- Отбасына арналған демалыс орны

#### Форт-Шевченко

- Жастар аллеясы
- "Күншуақ" балалар алаңы


#### Боранқұл

- Балалық мекені – балабақша
- Алтын ұя мектебім



Tengizchevroil

[www.ef-ca.kz](http://www.ef-ca.kz)



## Азаматтарды тарту және тиімді басқару

### Қоғамдық ұйымдардың тұрақтылығын дамыту жөніндегі бастама

2015 жылдың желтоқсан айы - 2017 жылдың мамыр айы

Қазақстан

**Демеуші:** Нидерланды Королдігінің Қазақстандағы Елшілігі

Жоба қазақстандық құқық қорғау ұйымдарының бағдарламалық, қаржы және ұйымдастырушылық орнықтылығын арттырып, жобаларды құрастыру, мониторинг пен бағалауға қатысты ортақ мәселелерді шешу арқылы көмектесті.

Қазақстанның 11 өңірінен 20 құқық қорғау ұзақ мерзімді ұйымдастырушылық және қаржылай тұрақтылықты қолдауға арналған білімдерін арттырып, қажетті құралдарды меңгерді. Ұйымдардың қажеттіліктерін бағалаудың нәтижесінде ОАЕҚ тұрақты даму, стратегиялық жоспарлау, қаражат жинау, бизнес-жоспарлау, әлеуметтік кәсіпкерлік және маркетинг сынды тақырыптарда вебинарлар мен жекелеген тренингтер өткізді.

Сондай-ақ ОАЕҚ тұрақты даму бойынша 8-апталық марафон жүргізді, оның барысында ұйымдар апта сайын өзгерістерге әкелетін тапсырмаларды орындап отырды. Жобаның нәтижесінде 8 ұйым стратегиялық және бизнес-жоспарларын жасап шығарды, 5 ұйым өздерінің қаражат қорын жинаудың жақсарғанын мәлімдесе, 3 ұйым жаңа коммерциялық қызметтер көрсете бастады.



Embassy of the  
Kingdom of the Netherlands

[www.ef-ca.kz](http://www.ef-ca.kz)



## Азаматтарды белсенділікке тарту және тиімді басқару

### Тиімді басқаруды қолдау бастамасы

2014 жылдың қазаны - 2018 жылдың қыркүйегі

Қазақстан, Тәжікстан

Демеуші: USAID

Жоба Қазақстан мен Тәжікстан азаматтарының өмір сапасын жақсартуға бағытталды. Жоба үкіметпен, азаматтық қоғам мен жеке сектормен тығыз байланыс негізінде институциаландырылған тиімді басқару реформаларын іске асыруға бел буды. Бұл қызмет көрсету сапасының артуына, мемлекеттік саясаттың, заңнама мен нормативтік актілердің жақсаруына алып келді.

Қазақстанда бағдарлама 22436 адамға қолдау көрсетті. Олардың қатарында әйелдер, жастар, мүгедектігі бар адамдар мен АҚТҚ/ЖҚТҚ өмір сүретін адамдар бар. Қазақстандағы қоғамдық ұйымдармен бірлесіп, келесі тақырыптар бойынша 43 жоба жүзеге асырылды:

- Білім беру
- Денсаулық сақтау
- Қоғамдық көлік
- Ауыл шаруашылығы
- Мемлекеттік инфрақұрылым
- Жастардың мүдделерін насихаттау
- Қоршаған ортаны қорғау

Аймақтық және ұлттық мемлекеттік органдарға құқықтық қызмет көрсету жөніндегі ағымдағы заңнаманы жетілдіру бойынша 30-дан астам ұсыныстар жасалды. Бағдарламаның барлық жобалары мемлекеттік билік органдарымен тікелей байланыста жүзеге асырылды. Тәуелсіз сарапшылардың бағалауына сәйкес, бағдарлама қолдау көрсеткен бастамалардың 90%-дан астам бенефициарлары мемлекеттік қызметтердің көрсетілу сапасының артқанын және мұның өздерінің өмір сапаларына оң әсері туралы пікір білдірген.





---

## **Жобаның негізгі нәтижелері**

### **АҚТҚ/ЖҚТҚ бойынша ақпараттық-түсіндіру шарасы**

- Жаңа методон орталықтары 400 науқасқа қызмет көрсету арқылы опиоидты алмастырушы терапияның қауіпсіз нұсқасын ұсынуда.

### **Мүгедектердің мүдделерін қорғау**

- Қазақстанда мүгедектікті тіркеу рәсімі жеңілдетілді, қазіргі таңда ол «бір терезе» форматында жүргізіледі.

### **Ауыл шаруашылығы бизнесі**

- Іскерлік портал ([www.agrobiz.kz](http://www.agrobiz.kz)) ауыл шаруашылығы саласының 30000 пайдаланушысының бизнесін жеңілдетті.

### **Өзіне қол жұмсаудың алдын алу**


- Қазақстандағы 17426 отбасы жастар арасында өзіне қол жұмсаудың профилактикасы бойынша консультациялар мен емдеуден өтті.
- 300 мектеп психологы дайындықтан өтті.

### **Емделмейтін ауруға шалдыққан балалар**

- Қызылордада қатерлі ісікке шалдыққан, әлеуметтік қолдауға мұқтаж балалар мен олардың ата-анасына арналған «әлеуметтік қонақүй» ашылды.

### **Мүгедектердің мүдделерін қорғау**

- Павлодарлық 10 мың мүгедек «Қолжетімді Павлодар» ([www.dospav.kz](http://www.dospav.kz)) мобилді қосымшасы мен сайтын пайдалануда.





## Жастар және білім беру

### Бастауыш білім беруді жетілдіруге бағытталған "Бірге жұмылып білімге талпынайық!" жобасы

2016 жылдың ақпанынан бастап қазіргі уақытқа дейін

Маңғыстау облысы, Құрық ауылы

Демеуші: ERSAI Caspian Contractor LLC

Жоба шеңберінде мұғалімдердің қызметіне және психологиялық құзыреттіліктерін дамытуға көмектесуге, сондай-ақ Құрық мектептерінің оқыту бағдарламаларына Step by Step және Montessori білім беру әдістерін интеграциялауға басты назар аударылады.

Жоба арқасында Құрықта оқытудың жаңа методикасына негізделген 4 сынып ашылды. Мұғалімдердің айтуынша, Монтессори және Step by Step орта мен қағидатты оқыту оқушылардың ынтасын айтарлықтай арттырған. Мұғалімдердің 68% бағдарламаға белсенді қатысып, сыныпта және облыстың 40-тан астам мектептеріндегі әріптестерімен жаңа технологиялық дағдылар мен әдістерімен бөлісуде. Мектеп психологтары да оқытудан өтіп, олардың қызмет көрсету сапасы артты. Нәтижесінде 23 ересектер мен балалар өзіне қол жұмсауға бейімділік қатерінің азайғанын жеткізген.

ОАЕҚ, сонымен қатар, жергілікті балаларға көп көңіл бөлді: көшбасшылар лагерінде болған балалар лагерь барысында және кейін де жоғары көшбасшылық дағдыларын танытты. Құрықтың 9-11 сынып оқушылары азық-түлік қорлары мен краудфандингке арналған 2 қайырымдылық концертін өткізді, ардагерлер, қарттар мен ауруханадағы балаларға барып көңілін аулайтын еріктілер қызметін бастады, Құрық ауылы маңында ағаш отырғызды.

**Маңғыстау аймақтық білім және ғылым басқармасы жобаның облыстың өзге аудандарына таратылуын қолдайды.**



[www.ef-ca.kz](http://www.ef-ca.kz)





## Жастар және білім беру

### “Бірге өсеміз!” – Құрық ауылында мектепке дейінгі білім беруді жетілдіру бастамасы

2013 жылдың қаңтарынан бастап қазіргі уақытқа дейін

Құрық, Маңғыстау облысы

Демеуші: ERSAI Caspian Contractor LLC

«Бірге өсеміз!» жобасы балабақша тәрбиешілері мен әкімшілігінің әлеуетін арттыруға, Монтессори және Step by Step әдістерін қолдану және алынған білім мен дағдыларды Маңғыстау облысының өзге де балабақша тәрбиешілеріне таратуға бағытталған.

Жоба аясындағы жемісті оқыту нәтижесінде Маңғыстау облысының балабақшаларында 13 Step by Step және 5 Монтессори классы ашылды, педагогтардың біліктілігі артты және дағдылар негізінде оқыту арқылы балаларды ересек өмірге дайындады. Сондай-ақ балабақша басшылары стратегиялық жоспарлау мәселелерін жетілдіру мен тәрбиешілердің біліктілігін арттыру мүмкіндігін қамтамасыз ету бойынша дайындықтан өтті.

Балалардың Монтессори және Step by Step балабақшадан мектепке өтуінің үйлесімділігін қамтамасыз ету мақсатында жоба кеңейтіліп, Құрықтың бастауыш мектептерін де қамтыды. Қазіргі таңда дайындықтан өткен мұғалімдер балабақшалардың оқу жоспарына заманауи білім беру әдістерінің енгізілуіне мониторинг жүргізу мен оқыту арқылы аудан көлеміндегі әріптестерімен өз білімдерімен бөлісуде. Облыстық білім және ғылым департаменті тарапынан бұл жетістіктері үшін марапаттарға ие болуда.

**Қазіргі таңда жобалық топ мектепке дейінгі балаларды Монтессори және Step by Step әдістемелері бойынша оқытуға арналған қазақ тіліндегі нұсқаулық дайындап жатыр.**



[www.ef-ca.kz](http://www.ef-ca.kz)



## Жастар және білім беру

### Өскемен қаласында балабақша құрылысы

2014 жылдың қазаны - 2016 жылдың желтоқсаны

Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен

Демеуші: AES компаниялар тобы


2010 жылғы Өскемендегі мектепке дейінгі білім беруге жоғары сұраныс пен балабақшаның жеткіліксіздігін көрсеткен зерттеу нәтижесінде Еуразия қоры Өскемен қаласында 140 балаға арналған балабақшаның құрылысын жүргізді.

ОАЕҚ жобалық тобы Өскемен қаласының балабақшаларында білім беру деңгейін арттырудың дұрыс жолын іздеуде бірнеше бағыттарды зерттеді. Зерттеу толымдылығы жоғары балабақшаның артықшылықтары көп екенін көрсетті, оның ішінде толымдылығы төмен балабақшалармен салыстырғанда жоғары әлеуметтік ықпал мен қаржылай тұрақтылық бар.

Құрылыс жүргізілетін жер телімін анықтау мен тіркеу, балабақшаның жобасы мен шығындар сметасын жасау, құрылысты басқаратын мердігерді анықтау арқылы ОАЕҚ құрылыс жобасының бүкіл циклын орындап шықты. Құрылыс аяқталған соң балабақша мемлекеттік меншікке беріліп, Өскемен қаласында қызмет көрсетуді бастады.



[www.ef-ca.kz](http://www.ef-ca.kz)



Біз қоғамдық мәселелердің тиімді  
шешімдерін табуға көмектесеміз

Алматы қаласы, Т. Жароков көшесі, 284/3  
[almaty@ef-ca.org](mailto:almaty@ef-ca.org)  
[www.ef-ca.kz](http://www.ef-ca.kz)